



Автор: Тажиева Ажар Кумековна

Пән: География

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Физикалық география/Литосфера

Тақырып: Еуразия материгінің климаты. Климаттық белдеулері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Материктің климаты туралы оқушылардың зерттеушілік шығармашылық қабілетін арттыру
Сабақтың мақсаты:	- Оқыған мәтіннен алған мәліметтерін өмірмен байланыстыра алу дағдыларын қалыптастыру; - Пікір алмасу барысында тең құқылы серіктестер болуын қамтамасыз ету - Топтық жұмыста оқушы белсенділігін жетілдіру. - Шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Тілдік мақсаттар:	english
Күтілетін нәтиже:	Еуразия материгінің климаты. Климаттық белдеулері туралы біледі
Бағалау критерийлері:	
Құндылықтарды дарыту:	
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	
Бастапқы білім:	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	I.Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу Оқушылардың көңіл күйлерін сұрау, түгелдеу. «Көпір» II.Үй тапсырмасын пысықтау (Сұрақ –жауап әдісі) II.Топқа бөлу: түрлі түсті стикерлер арқылы. Топ ережесін түсіндіру. Сарапшыларды дайындау. (топтарға қызметін түсіндіру) 23 баланы 4- топқа бөлемін. Теория бойынша « Білу» (тақырып мазмұны бойынша Кім? Не? Қандай? Қалай? Нені? Қашан? Не істеді? сияқты сұрақтарға жауап беретін толық ақпарат іріктеліну керек)	
Сабақтың ортасы (27 минут)	1. Мұнда солтүстік жарты шарға тән климаттың барлық белгілері байқалады. 2. Материктің географиялық орны мен әр түрлі ендіктерде орналасуына байланысты күн сәулесі поляр шеңберінен солтүстікке қарай орналасқан бөлігіне аз түссе, оңтүстікке қарай біртіндеп артады. 3. Жер шарындағы жауын -шашынның ең көп түсетін жер Еуразиядағы Гималайдың оңтүстік – шығыс беткейі. 4. Солтүстік -Шығыс Сібірдегі -710 С температура тіркелген Оймякон елді мекені солтүстік жарты шардағы суықтық полюсі болып табылады. 5. Ыстық әрі аптапты Үндістандағы Тар шөлінде +530 С температура байқалады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (5 минут)	Берілген климаттық диаграммаларды жоспар бойынша талдау жасап, олардың қандай белдеу мен климат сипатына сәйкес келетінін анықтау. А) ең суық және ең ыстық айдың орташа температурасын анықтау. Ә) жылдық температураның айырмашылығын анықтау Б) Жылдық жауын-шашын мөлшерін және түсу мерзімін анықтау В) Берілген диаграммаға сәйкес келетін климаттық белдеу мен климат сипатын анықтау. Лиссабон А) ең ыстық 220С тамыз айында, ең суық 100 С қаңтар айында түседі. Ә) 120 С Б) Ең көп жауын – шашын 120 мм қараша айында, ал ең аз жауын – шашын 10 мм шілде, тамыз айларында түседі. В) Субтропиктік климат белдеуі тән. Улан-Батор А) ең ыстық 190С шілде айында, ең суық 190 С , желтоқсан,қаңтар, ақпан айларында байқалады. Ә) 380 С Б) Ең көп жауын – шашын 90 мм шілде айында, ал ең аз жауын – шашын 0 мм қаңтар, ақпан, наурыз айларында түседі. В) Қоңыржай климат белдеуі тән. Джакарта А) ең ыстық 260С мамыр айында, ең суық 240 С сәуір айында байқалады. Ә) 20 С Б) Ең көп жауын – шашын 300 мм қаңтар, ақпан айында, ал ең аз жауын – шашын 40 мм, тамыз айларында түседі.	
Рефлексия (3 минут)	Бағалау Сарапшылардың қойған баллдық жүйелері бойынша топ мүшелерін бағалау.	